

«Алпамыс» бөбекжай бақшасы КМҚК

Ата - аналармен терапия ойындары

2023-2024 оқу жыл

Ата - аналармен терапевей ойындары

Мақсаты: Бала мен ата-анасы арасында сенімді қарым-қатынас қалыптастыру, ойын барысында психикалық саулықтарын нығайту, ата-аналарды балалармен қарапайым ойындарды ойнауға дағдыландыру.

Түрі: Терапей ойындары

Әдісі: Сұрақ-жауап, мимика мен түсіндіру, ой бөлісу және пікір алмасу.

Құрал-жабдықтар: интербелсенді тақта, слайд, үлестірмелі қағаздар, кедергілер, шар, доп, сылдырмақ, түрлі-түсті фломастер, ақ қағаз, тілек шамы.

Ойын ережелері:

- ✓ Белсенділік таныту;
- ✓ Бір-бірінің ойларын бөлмей тыңдау;
- ✓ Қатысушылар туралы ақпаратты залдан тыс жерде таратпау, талқыламау;
- ✓ Ойын барысында ешкімді сынға алмау.

1. Сәлемдесу.

Ата-аналар өздерін таныстыру барысында өзінің және баласының ерекше тұстарын байланыстырып айту.

2. «Ғажайып шеңбер» ойыны

Балалар әуен ырғағымен шеңберден секіріп, ойыншықтарды алмастырып отырады.

3. «Кім жылдам» ойыны

Анасы мен баласы қарама-қарсы тұрып, шеңбер ішіндегі түрлі-түсті доптың қайсысы айтылады соны бірінші алып қою қажет. Кім бірінші алып қояды сол жеңіске жетеді.

Ойын соңында ата-аналармен кері байланыс болды.

4. «Логоритмика» ойыны

Анасы мен баласы әуен ырғағымен бірге қимыл жасайды.

5. «Шар» ойыны

Ата-аналар балаларымен бірлесе отырып ақ түсті шарға қалаған суретті салады. Салынған сурет бойынша әңгімелейді.

Қорытынды

Ойын соңында ата-аналар тілек шамы арқылы ойыннан алған әсерлерімен бөлісті.



